

## Коммуналдық мүлікті иеліктен шығару түрлерін таңдау бойынша критерийлерді анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 52/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 қарашада № 3493 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 19 ақпандағы № 18/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 19.02.2025 № 18/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Осакаров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған коммуналдық мүлікті (бұдан әрі - Объект) иеліктен шығару түрлерін таңдау бойынша критерийлер анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы

Н. Ламбеков

## Коммуналдық мүлікті иеліктен шығару түрлерін таңдау бойынша критерийлер

№	Критерия атауы	Мүлікті мүліктен айыру түрі

1.	Объектіні одан әрі бақылауда мемлекеттің мүдделігінің болмауы (шарттар қойылмайды). Объектіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату және сауда-саттыққа қатысушылардың кең ауқымын тарту қажеттілігі.	сауда-саттықты аукцион нысанында өткізу
2.	Объектіні сату шарттарын (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы бойынша берешекті өтеу және басқа да шарттар) белгілеу қажеттілігі. Объектіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату қажеттілігі.	сауда-саттықты коммерциялық тендер нысанында өткізу
3.	Сенім білдірілген басқарушының, жалдаушының (жалға алушының) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты талаптарын орындау.	тікелей атаулы сатылым
4.	Объектінің қор биржасының талаптарына сәйкестігі. Шетелдік инвесторларды қоса алғанда, сауда-саттыққа қатысушылардың кең ауқымын тарту қажеттілігі.	сауда-саттықты қор биржасында өткізу